

# ӨР ТҮЛҒАЛЫ АЗАМАТ ЕДІ



Ойлы өлеңдерімен көпшілікке танымал Журналист - педагог, акын Саябек Айнатайұлы арамызда тірі Жүргенде Желтоқсанның 21-ші Жұлдызында 70 жасқа толатын еді. Берісі аудан, әрісі облыс көлеміне акындылығымен танылған азамат ұзақ жылдар аудандық „Ильич туы“ газетінде Жауапты хатшы болып жемісті еңбек еткен болатын.

Акынның 70-Жылдығына орай өр кезеңде жазылған бір топ өлеңдерін оқырмандар назарына ұсынуды жөн көрдік.

## Наурыз тойына

Ұлы наурыз - ұлы тойы  
халқымның,  
Бұл күн бізге Жанып тұрған  
жарқын күн.  
Барша жердің тіршілігі  
жанданып,  
Тенесетін кезі ғой бұл күн  
мен түн.

Ұлы тойға масайраймыз бәріміз  
Жасарады Жасанады кәріміз  
Көңіл күй қалмасын жаңа  
Жылда,  
Шаттанындар, мактанындар,  
бәріңіз.

Егеменді елімнің ұл, қыздары,  
Бәрі сенсің аспанда Жұлдыздары.  
Болашағы елімнің бір өзіңсін,  
Бәрі сенсін елімнің жұлдыз бағы.

Жеткіншегім, сәбилер  
күнде күлген,  
Кезінді қызықтаймыз  
алғаш жүрген.  
Шат күлкің бостандықтан  
айырылмасын,  
Мың ғасырда халқыма  
жана келген.

Ел көшін бастаған бар  
азаматтар,  
Істерін ол өткізген  
елін мактар.  
Іргеміз Елбасымен көгереді,

Нұрсұлтан ағамызды елім  
Жақтар.  
Асқақ ән мына аспанда  
калықтайды,  
Ұл-қызым ән шырақудан  
жалықпайды,  
Жер үйығы елім сен Қазақстан,  
Бар жерін аралаған Асан кайғы.

Кен далам ұлы тоймен  
дүбірлеген,  
Бусанып жер жасарып  
наурыз келген.  
Төл туып, ақ сүт аққан,  
егін еккен,  
Нұра өзені тасып жатыр  
кемерінен.

Наурыз күн, наурыз мейрам,  
ұлы тойым,  
Қазақта жыл басы мен  
сәнді тойдың.  
Көсегем көгереді жыл басымен,  
Құтты болсын айтамын  
ұлы тойым.

Уа халқым!  
Баршаңыз бір-бірінді  
құттықтандар,  
Бұл күнді көре алмай  
кеткендер бар.  
Ақ ниет, ақ тілегім  
баршанызға,  
Әкелсін, ұлы бақыт  
атқан тандар!

## Ойлар

*Неге оралад осындай да ойға мұң.  
Қозып кетер от жалындай кайдағым.  
Біліп қойшы әй, достарым бірақ та.  
Мен емес кой мініп жүрер Жайдағың.*

*Акын едім алаулаған жалынды,  
Бір сөз айтсам баршанызға ағынды.  
Түйсігі бар түсінетін адамға,  
Айтам бірақ әлдекімге Жазымды.*

*Өмір деген асау толқын толқыған,  
Сол толқында талай рет толқығам.  
Кім тындайды дүрсілін бұл жүректің,  
Акын едім асау шабыт шалқыған.*

## ТІЛЕК

*Төтелеп тартып кетермін,  
Жазармын менде Жырларды.  
Асудан асып Жетермін,  
Артқа тастап Жылдарды.*

*Күмбірлеп кеуде кейде бір,  
Жазылып жатса жыр жолы.  
Камқоршы досым сен де бір,  
Жарарсың көзбен сын толы.*

## ТӨРТТАҒАНДАР

*Орманшы адам балтасын,  
Кайрайды жүзін өткір зып.  
Шабатын сөздің әр тасын,  
Бізге де керек өткірлік.*

*Жазира Жазық далада,  
Аңқыған жұпар иісін.  
Туған Жерім өзіңсін,  
Көңілімнін, күйі сен.*

Шет шұғыласы.- 2011.- 22 желтоқсан (№51).- 6 б.